

¹Сарқытқан Қ.  * ²Райымбекова Н.А.  ³Тоқан Р. 

¹Р.Б.Сулейменов атындағы Шығыстану институты, Алматы, Қазақстан

^{2,3}Абай атындағы ҚазҰПУ, Алматы, Қазақстан

E-mail: ¹kaster012@mail.ru, ²nazymrayimbekova@mail.com, ³razia1701@mail.ru

ҚАЗАҚСТАННЫҢ ҚЫТАЙ ЖӘНЕ РЕСЕЙМЕН САУДА-ЭКОНОМИКАЛЫҚ ҮНТЫМАҚТАСТЫҒЫ: ГЕОСАЯСИ МҮДДЕЛЕР МЕН ГЕОЭКОНОМИКАЛЫҚ ТӘУЕЛДІЛІКТЕР

Аңдатпа. Ұсынылған мақалада Қазақстанның негізгі стратегиялық серіктестері саналатын Ресей және Қытаймен арадағы сауда-экономикалық байланыстары мен геосаяси ынтымақтастығы негізгі тақырып ретінде қарастырылады. Қытай мен Ресей қазіргі әлемдік деңгейдегі геосаяси және геоэкономикалық саладағы белсенді қатысушылар. Қазақстан географиялық орналасуы бойынша осы екі ірі елмен шектеседі. Сол үшін Қазақстанның саяси және экономикалық жағдайында бұл екі елдің әсері ерекше. Әсіресе Кеңестер Одағы ыдырағаннан кейін Қазақстан мен Ресей арасында өзгеше қарым-қатынас тәртібі орнады. Алайда егемендіктің 30 жылынан асқан даму тарихында екі ел арасында өзара теңдік қағидаттары толық сақталды деп айту қиын. Тіпті соңғы кездері қалыптасып отырған геосаяси жағдайлар тең және өзара тиімділік ұстанымдарынан алшақтап бара жатқандай әсер етуде. Қазақстан мен Ресей арасындағы маңызды ынтымақтастық саласы -сауда-экономикалық бағыт. Сол үшін бұл салаға басымдық беріп зерттеу өзекті болып саналады. Қазақстан мен Қытай Халық Республикасы арасындағы сан-салалы байланыстар егемендіктен соң қанат жайды. Қытайдың нарықтық экономикалық қатынастарға өтуі оның әлемдік нарыққа ықпалын арттыра түсті. Бұл өз кезегінде Қазақстанға да аймақтық экономикалық тұрғыда әсер етті. Қытайдың ғаламдық және аймақтық даму стратегиясы саналатын «Бір белдеу, бір жол» бағдарламасының қалыптасуы, даму жағдайы және жаһандық экономикаға әсері де мақалада қарастырылды. Мақалада Қазақстанның екі көрші елмен арадағы сауда және экономикалық байланыстар зерттеліп, өзара іс-қимылдарының негізгі бағыттары айқындалды. Қазіргі жағдайда мемлекеттер арасындағы ынтымақтастықтың даму ерекшеліктері мен мәселелері ашып көрсетілді және инвестициялық ынтымақтастықты дамытудың тиімді жолдары ұсынылады. Зерттеу қорытындысына сәйкес екі елдің дипломатиялық байланыс, сауда айналымы, оның ішінде экспорт және импорт көлемі, қазіргі экономикалық жағдайы сараланды. Мақаланың жаңалығы – жаһандану жағдайында дамып келе жатқан Қазақстан мен Ресей, Қазақстан мен Қытай арасындағы сауда-экономикалық және инвестициялық ынтымақтастық салыстырмалы талданады. Осы арқылы Қазақстан мен көрші елдердің өзара байланысы және өзара тәуелді ықпалдастығы мен ұлттық экономиканың әлеуеті мен даму мәселелерін анықтайды. Зерттеудің өзіндік ерекшелігіне байланысты экономикалық, статистикалық, тарихи-салыстырмалы, географиялық үлгілеу әдістері қолданылады.

Алғыс: Бұл мақала: ЖТН АР19679663 «Орта Азияның қазіргі геосаяси кеңістігіндегі мүдделер ықпалдастығы: Экономикалық интеграция және ұлттық қауіпсіздік факторлары» тақырыбындағы гранттық қаржыландыру жобасының зерттеу нәтижелері негізінде жазылды.

Кілт сөздер: дипломатиялық қатынас, сыртқы сауда, экономикалық интеграция, инвестиция, геосаясат, «Бір белдеу, бір жол», санкция.

Кіріспе

Қазақстан дербес ел ретінде Қытай және Ресеймен қарымқатынас орнатқалы 30 жылдан астам уақыт өтті. Алайда екі алып мемлекеттің Қазақстан үшін маңызы екі түрлі. Мысалы өзінің тарихи және геосаяси маңыздылығына байланысты Ресей Қазақстанның маңызды стратегиялық серіктесі болып табылады. Бұл туралы кезінде Н.Ә. Назарбаев: *«Ресей әлемдегі және әсіресе Еуразиядағы тұрақтылықты анықтайтын ең ірі және әзірге ең қуатты ел»* деп атап өткені белгілі. Айтса-айтқандай Ресей Қазақстанның сыртқы саяси стратегиясында басым орынға ие сыртқы күш ретінде қалып келеді. Ал Қазақстан Ресей мүддесі үшін Орталық Азиядағы жетекші әрі қуатты шикізат әлеуетіне ие ел. Оның үстіне Каспий маңы мен Байқоңырда орналасқан стратегиялық кешендерінің, басым санға ие орыс диаспорасының болуы Қазақстанды Ресей үшін де маңызды ел етіп отыр. Бұлардан бөлек, екі мемлекеттің тарихи ортақ құндылықтары, гуманитарлық және мәдени байланыстары тағы да бар (Сагиндилов, 2014).

Қазіргі жаһандану жағдайында елдер арасындағы сауда-экономикалық қатынастар олардың әл-ауқаты мен тұрақтылығын қалыптастыруда шешуші рөл атқарады. Бұл тұрғыда ұлттық экономикасы дамыған Қытайдың Қазақстанға жасайтын әсері, егемендіктен соң басталса да, күн өткен сайын артып келеді. Мемлекеттердің нарықтық экономикалық қатынастарға өтуі сауда-экономикалық байланыстарды басты орынға көтеріп отыр. Алайда мемлекеттер арасындағы қатынастарда орасан зор табиғи ресурстарды игеруде және геосаяси бағыттағы ықпалдастықта, сауда қатынастарын реттеуде бірқатар қиындықтармен перспективалар да қатар өмір сүріп келеді.

Ресей мен Қазақстан арасындағы сауда-экономикалық қатынастар ұзақ даму тарихына ие (Бактиярова, Баудиярова, 2023). КСРО ыдырап, тәуелсіз елдер бой көтергенде Одақтас Республикалар мен Ресей Федерациясы сауда және экономикалық ынтымақтастық саласындағы стратегиялық маңызды байланыстарды сақтап қалды. Нәтижеде Ресей мен Қазақстан арасындағы ынтымақтастық барлық салаларда белсенді дамуын жалғастыруда. Бұл бастысы екі мемлекет арасындағы тарихи қалыптасқан байланыстармен және өзара саудаға бейімделген географиялық жағдаймен байланысты (Асқар Мамин принял участие в I Каспийском экономическом форуме в Туркменистане // <https://www.zakon.kz/4981205-askar-mamin-prinyal-uchastie-v-i.html>) [Қаралған күні: 27.03.2025]. Осы тамыры терең байланыстың әсерінде 2015 жылы Қазақстан мен Ресей бұрын құрылған Кедендік одақ негізінде Еуразиялық экономикалық одақ (ЕАЭО) құру арқылы аймақтық экономикалық интеграцияның жаңа деңгейіне көтерілді. Осылайша, Қазақстан мен Ресей арасындағы сауда-экономикалық ынтымақтастық екіжақты негізде де, трансшекаралық өзара іс-қимыл, сондай-ақ қатысушы елдердің – ЕАЭО өңірлік интеграциясы аясында да дамып келеді (Мырзахметова, Алшимбаева, Туркеева, Еримпашаева, 2020). Алайда, екі жақты сауда-экономикалық байланыста Қазақстанның мүддесі толық ескерілмей жатқаны белгілі. Бұл туралы Қазақстан өкіметі тарапынан да Ресейдің қатысты орындарына өтініштер мен ұсыныстар және ескертулер айтылғаны белгілі.

Зерттеу материалдары мен әдістері

Ғылыми-зерттеу жұмысы барысында, сауда айналымының жағдайын, импорт және экспорт сапасын талдау үшін Қазақстан мен Ресей арасындағы сауда-экономикалық көрсеткіштерін анықтайтын stat.gov.kz статистикалық мәліметтеріне сүйене отырып, мәліметтер базасымен талдау жұмыстары жасалды. Зерттеудің негізі ғылыми зерттеулер мен ғылыми әдебиеттер, жарияланымдар мен тақырыпқа сәйкес жиналған ақпараттар болды. Атап айтқанда, әдеби шолу әдісі негізінде Қазақстанның Ресей және Қытаймен сауда-экономикалық жағдайына арналған ғылыми еңбектер, халықаралық ұйымдардың баяндамалары, отандық және шетелдік ғалымдардың мәліметтері талданды. Аталған әдеби

шолу сауда-экономикалық байланыстың теориялық, негізгі ұғымдары мен әдіснамалық негіздерін жүйелеуге көмектесті.

Мақаланың мазмұны мен мақсаты Қазақстанның Қытай мен Ресей арасындағы сауда және экономикалық байланыстарына талдау жасау болғандықтан, экономикалық-әлеуметтік география, геоэкономика және геосаясат салаларымен тығыз байланысты зерттеулер жасалды. Зерттеу барысында статистикалық, салыстырмалы, географиялық үлгілеу және т.б. әдістер қолданылды. Зерттеу кезіндегі әдебиеттер М.М. Нуртазиннің «The role of the Republic of Kazakhstan in geopolitical transformation within the framework of the Eurasian Project», А.Б. Зинурианың «Состояние торгового сотрудничества между Россией и Казахстаном в рамках таможного союза», Т.В. Трокальдің «Основные аспекты современного политико-экономического сотрудничества между Россией и Казахстаном», В. Ю. Додоновтың «Экономическое сотрудничество Казахстана и России в условиях санкционного давления: основные итоги 2022 года» ғылыми еңбектері қолданылды.

Талқылау

Қазақстанның Ресей және Қытаймен арадағы байланысты қарастырғанда мемлекеттердің дипломатиялық қатынастар тарихи зерделеудің маңызы зор. Мәселен, Қазақстан мен Ресей қатынастарының тарихы тереңде, алайда ТМД құрылғаннан кейін екі ірі мемлекеті арасындағы дипломатиялық қатынастар халықаралық-құқықтық, сауда-экономикалық, ғылыми-техникалық, гуманитарлық және одан арғы стратегиялық әріптестікке бағытталған тікелей байланысты өз дамуының белгілі бір кезеңдерінен өтті. Бұл қатынастар Кеңес Одағының ыдырауынан кейін тәуелсіз мемлекет ретінде қалыптасқан Қазақстан мен Ресейдің арасындағы өзара ынтымақтастықты нығайту жолында елеулі өзгерістер мен даму кезеңдері ретінде тарихта қалды. Нақты айтар болсақ, 1998 жылдың шілде айының басында Қазақстан Республикасы мен Ресей Федерациясының басшылары кең ауқымды құжатқа – 21 ғасырға бағытталған «Мәңгілік достық пен ынтымақтастық туралы декларацияға» қол қойды. Декларацияның саяси маңызы – қазіргі кездегі екі мемлекет жүйелі түрде жүзеге асырып жатқан ынтымақтастықтың негізі болып жұмыс істеп келеді. Бұған Қазақстан-Ресей қарым-қатынастарының барлық спектріне енген серіктестіктің қалыптасқан қағидаттары, ауқымды экономикалық іскерлік, мәдени және ғылыми-техникалық ынтымақтастық қамтылады.

Бұл декларация - тұжырымдамалық ұстаным ретінде Біріккен Ұлттар Ұйымының Жарғысына сәйкес, мемлекеттер арасындағы достық қарым-қатынастар мен ынтымақтастыққа қатысты халықаралық құқық принциптері туралы Декларация сияқты негізгі мақсаттар мен міндеттерге негізделген. Сондықтан Ресей-Қазақстан қарым-қатынастарында екіжақты сауда-экономикалық ынтымақтастықтың саяси аспектілері ерекше маңызға ие. Олардың экономикаларының өзара әрекеттесу деңгейін арттыру қазіргі экономикалық даму кезеңінің ең маңызды белгісі болып табылады. Сондықтан, екі елдің экономикаларының стратегиялық дұрыс саясаты тек өзара ғана емес, сонымен қатар өзге елдермен және аймақтармен белсенді ынтымақтастық жасауына негіз болуы керек (Гребениченко, Сагиндилов, 2014).

Қазақстан мен Қытай арасындағы қарым-қатынастар Кеңестер Одағы тұсында қалыптасқанымен, егемендіктен соң дами түсті. Бұл байланыс Қытайдың ұзақ мерзімді сыртқы саясатының басым бағыты ретінде қалыптасып-дамып келеді деп айтуға негіз бар. Себебі, Қытай өзінің сыртқы саясатын үш деңгей бойынша қарастырады. Олар: Әлемдік, Азиялық және Еуразиялық бағыт деп. Әлемдік бағытқа:

- АҚШ;
- Батыс елдері;
- БҰҰ және халықаралық сауда және қаржылық ұйымдар;
- Азия-Тынық Аймағындағы стратегиясы жатады.

Қытайдың Азиялық бағыттағы сыртқы саясатының басты нысандары ретінде төмендегі елдер мен аймақтар қарастырылған:

- *Үндістан және Пәкістан қарым-қатынастары;*
- *Оңтүстік-Шығыс Азия және Оңтүстік Азия елдері;*
- *Солтүстік-Шығыс Азия;*
- *Орта және Таяу Шығыс қатынасы.*

Қазақстан Қытайдың Еуразиялық бағытындағы сыртқы саясат нысаны ретінде қарастырылады. Бұл бағытқа:

- *Ресей;*
- *Орталық Азия елдері;*
- *Евразиядағы өзгеде энергетикалық, коммуникациялық жобалар қамтылады.*

Зерттеу нәтижелері

Қазақстанның Ресей мен Қытай арасындағы қарым-қатынастарды жеке-жеке қарастыратын болсақ, алдымен дипломатиялық жағдайлардың ерекшелігінен бастауға тура келеді. Мәселен Қазақстан мен Ресей екіжақты қатынастарды шарттық-құқықтық ресімдеуге ерекше көңіл бөлді. Екіжақты негіздегі алғашқы ресми құжаттарға 1992 жылы 25 мамырында сол кездегі басшылар Н.Ә.Назарбаев пен Б.Н. Ельцин қол қойды. Соның ішінде Қазақстан Республикасы мен Ресей Федерациясы арасындағы «Достық, ынтымақтастық және өзара көмек туралы шарт» болды (Сагиндиқов, 2014). Төмендегі кестеде Қазақстан мен Ресей мемлекеттерінің дипломатиялық қарым-қатынасының негізгі кезеңдері көрсетілген:

Кесте 1. Қазақстан мен Ресей арасындағы кезең бойынша дипломатиялық қатынастары (авторлық құрастыру)

Кезең	Қатынастар	Негізгі оқиғалар
Кеңес Одағы кезеңі	Қазақстан мен Ресей арасында біртұтас Кеңес Одағының құрамында болған кезең. Кеңес Одағының саяси, экономикалық және мәдени жүйесінің бір бөлігі ретінде әрекет ету.	Одақтық республикалар арасында тығыз байланыстар; Бірлескен ғылым, өнеркәсіп және мәдениет жобалары; Кеңес Одағының ыдырауына дейінгі саяси келісімдер.
1991 жыл (тәуелсіздік)	Қазақстанның тәуелсіздігін жариялауы және Ресеймен дипломатиялық қатынастардың орнатылуы.	Қазақстанның тәуелсіздігін ресми түрде жариялау; Ресеймен дипломатиялық қатынастарды орнату; Тәуелсіздік алғаннан кейін алғашқы келісімдер.
1990-2000 жж.	Экономикалық және қауіпсіздік саласындағы ынтымақтастықтың қалыптасуы, бірлескен жобалар мен келісімдер.	1992ж. Ұжымдық қауіпсіздік шарт ұйымының (ҰҚШҰ) құрылуы; Ресеймен бірлескен экономикалық жобалар; Қазақстанның Ресеймен шекара мәселелерін шешуі;
2000-2010 жж.	Ресей мен Қазақстан арасындағы стратегиялық серіктестік нығая түсті, көпқырлы қатынастардың дамуы.	2005ж. стратегиялық серіктестік туралы келісім; Еуразиялық экономикалық қауымдастыққа (ЕурАзЭҚ)

Кезең	Қатынастар	Негізгі оқиғалар
		қосылу; Ресеймен энергетика, қауіпсіздік саласында бірлескен жобалар.
2010-2020 жж.	Интеграцияның ұлғаюы, ЕАЭО аясындағы ынтымақтастықтың күшеюі.	2015ж. Еуразиялық экономикалық одақ (ЕАЭО) құрылды; -Ресеймен ғылыми, білім беру және инновациялық жобаларды дамыту; Бірлескен мәдени және білім бағдарламалары.
Қазіргі кезең (2020-2025)	Аймақтық қауіпсіздік, сауда, ғылым және инновация саласында нығайған дипломатиялық қатынастар.	Қазіргі геосаяси жағдайларға сәйкес екі жақты қатынастарды дамыту; Қауіпсіздік, сауда, мәдениет және инновациялар саласындағы жаңа келісімдер; Әлемдік дағдарысқа қарсы бірлескен шаралар.

Қытай Халық Республикасы Қазақстан Республикасының егемендігін 1991 жылдың 27 желтоқсанында мойындап, 1992 жылдың 3 қаңтарында дипломатиялық байланыс орнатты. Қытай қазіргі таңда әлемнің 170-ке тарта елімен дипломатиялық байланыс орнатқан ел. Соның бірі – Қазақстан. 1992 жылдың қаңтар айында Қытай делегациясы Орталық Азияның бес республикасының үкіметтерімен дипломатиялық қарым-қатынас орнатты. 1994 жылы сәуірде Қытайдың сол кездегі премьерминистрі Ли Пэн Алматыда, Қазақстанда Қытай мен Орталық Азия елдерінің экономикалық ынтымақтастығына қатысты мынадай негізгі қағидаттарын атап өтті:

- Экономикалық заңдарға сәйкес әрекет ететін теңдік және өзара тиімділік;
 - Ынтымақтастық түрлерін әртараптандыру;
 - Жергілікті ресурстарды толық пайдалану;
 - Байланыс және тасымалдау жағдайларын жақсарту, «Жаңа Жібек жолын» салу;
 - Достықтың көрінісі ретінде Орталық Азия елдеріне қарапайым экономикалық көмек көрсету;
 - Көпжақты экономикалық ынтымақтастықты дамыту, ортақ гүлденуге жәрдемдесу.
- Осы бастама екі елдің кейінгі қалыптасқан жан-жақты ынтымақтастығының негізі болып қалаптасты.

Ал мемлекеттердің сауда-экономикалық ынтымақтастығына келер болсақ, Қазақстан мен Ресей арасындағы сауда ынтымақтастығы олардың экономикалық қатынастарының негізгі элементтерінің бірі болып табылады. Бұл елдер көршілес бола отырып, өзара сауданы тереңдетуге ықпал ететін бірқатар ортақ мүдделер мен мүмкіндіктерге ие. Ресей Қазақстанның ірі сауда серіктесі, ал Қазақстан ресейлік өнімдердің маңызды нарығы және транзиттік хабы болып табылады, бұл олардың географиялық орналасуын, экономикалық әлеуетін және саяси жақындығын ескере отырып, көп қырлы сауда қатынастарын дамытуға мүмкіндік береді. Қазақстан мен Ресей арасындағы сауда-экономикалық ынтымақтастықтың негізгі аспектілері екі ел арасындағы экономикалық қатынастардың әртүрлі аспектілерін қамтиды. Бастылары:

- сауда айналымы;
- инвестициялық ағындар;
- экономикалық мүдделер;
- екі елдің серіктестігіне әсер ететін факторлар;
- проблемаларды шешу жолдары;
- өзара әрекеттесуді күшейту (Нуртазин, 2018).

Қазіргі уақытта екіжақты сауда айналымының үлесі Қазақстанның сыртқы саудасының жалпы көлемінің шамамен 20% құрайды. 2023 жылы екі ел арасындағы сауда айналымы 25 миллиард АҚШ долларын құрады. Бұл көрсеткіштің өсуі, әсіресе, Қазақстан мен Ресейдің Кеден одағы аясында ынтымақтастықты нығайтудың арқасында жүзеге асырылды. Қазақстан Ресейдің Орталық Азия мен ТМД елдеріндегі ең ірі сауда серіктестесі ретінде отын-энергетика, тау-кен металл, ауыл шаруашылығы, машина жасау, химия және аэроғарыш өнеркәсібі саласында маңызға ие (Сагиндиқов, 2014). Ресейдің Орталық Азия елдерімен арадағы тауар айналымында Қазақстан көшбасшылық позицияға ие деген қорытындыға келуге болады. Еуразиялық экономикалық одақ (ЕАЭО) шеңберінде сауда-экономикалық қатынастар оң көрсеткіштерді көрсетуде. Мысалы, 2021 - 2022 жылдар аралығында ЕАЭО тауар айналымының жалпы көлеміндегі Қазақстанның үлесі 10,6% - құрады, мұнда айналымның басым бөлігі Ресеймен саудаға тиесілі. Осылайша, ЕАЭО-да Астана екінші маңызды сауда серіктесі болып табылады (Одибоев, 2023).

Кесте 2. 2015-2025 жылдар аралығындағы Қазақстан мен Ресейдің сауда айналымының көрсеткіштері (автормен құрастырылған) (<https://stat.gov.kz/>, 01.04.2025 ж.)

Мың АҚШ долл.

Жыл	Сауда айналымы	жалпы тауар айналымындағы үлесі, %	Экспорт	жалпы тауар айналымындағы үлесі, %	Импорт	жалпы тауар айналымындағы үлесі, %
2015	15 076 855,7	19,7	4 547 555,3	9,9	10 529 300,4	34,4
2016	12 733 489,8	20,5	3 445 176,6	9,4	9 288 313,2	36,6
2017	16 372 030,9	21,0	4 639 035,2	9,6	11 732 995,7	39,6
2018	18 517 344,6	19,5	5 279 873,7	8,6	13 237 470,9	39,3
2019	19 982 997,5	20,4	5 670 903,4	9,8	14 312 094,1	36,0
2020	18 775 351,5	21,7	5 007 142,5	10,5	13 768 209,0	35,4
2021	24 624 280,0	24,2	7 018 745,8	11,6	17 605 534,2	42,5
2022	26 972 021,4	19,9	9 091 390,9	10,7	17 880 630,5	35,1
2023	27 054 449,6	19,4	10 207 415,7	12,9	16 847 033,9	27,9
2024	27 798 545,7	19,7	9 546 501,2	11,7	18 252 044,5	30,5

Жоғарыда көрсетілген кестеде Қазақстан Еуразиялық ынтымақтастық ұйымға мүше болған 2015 жылдан бастап 2024 жылға дейін Қазақстан мен Ресей арасындағы сауда айналым көрсеткіштері берілген. Жалпы сауда айналымы бойынша 2015 жылы 15,1 млрд АҚШ долларынан бастап, 2024 жылы 27,8 млрд АҚШ долларына дейін өскен. Бұл кезең ішінде жалпы сауда көлемі 84,4%-ға артқан. Ең үлкен өсім 2020–2021 жылдар аралығында байқалады (5,8 млрд доллар). Қазақстан мен Ресей арасындағы тауар айналымы 2024 жылы 27,7 млрд долларды құрады, бұл 2023 жылмен салыстырғанда 25%-ға көп (<https://stat.gov.kz/>, 01.04.2025 ж.).

Екі ел арасындағы сауда-экономикалық байланыстың беріктігін тексеру коронавирустық инфекцияның өршу кезеңі болды. Қазақстанда 2 карантиндік кезең болды. Біріншісі – 16 наурыз бен 11 мамыр аралығындағы төтенше жағдай, екіншісі – шілдеден тамызға дейін. Қазақстандық мамандардың талдауы бойынша, шектеулердің екі кезеңінде ЖІӨ көрсеткіші шамамен 2,8 трлн теңге жоғалтқан. Мемлекет экономиканы қолдауға ЖІӨ-нің шамамен 8%-ын бөлді. Жалпы, халықты және кәсіпкерлікті қолдауға бөлінген сома 5,9 трлн теңгеге жуықтады. Яғни, республикалық бюджеттен – 3,4 триллион теңге, басқа көздерден – 2,5 триллион теңге қарастырылған. Мұндай шығыстар табысынан айырылған жағдайда төленетін әлеуметтік төлемдерге, тұрғын үй кешендерін салуға, қала бюджетіне аударымдарға бөлінді. 2019 жылы Қазақстанның жалпы ішкі өнімінің өсімі 4,5 пайызды құрады. Қазақстандағы ЖІӨ көрсеткіші 2020 жылы 2,6%-ға төмендеді. Коронавирустық пандемия, мұнай бағасының құлдырауы және бүкіл әлемдегі жалпы экономикалық құлдырау 2021 жылы ЖІӨ деңгейіне қатысты күтуді өзгертті. Екіжақты тауар айналымы 2020 жылдың соңына қарай 2019 жылға қарағанда -1,2%-ға кеміп, 18,7 млрд долларға жетті (Наурзбекова, Власова, 2021).

COVID-19 пандемиясымен байланысты 2020 жылғы әлемдік экономикалық дағдарысқа қарамастан, Ресей мен Қазақстан арасындағы тауар айналымы, әсіресе шикізаттық емес номенклатурасында ұлғайды. Сүт пен кілегей (75% - ға), өсімдік шаруашылығы препараттары (44% - ға), медициналық құрылғылар (43% - ға), қант (42% - ға), дәрі-дәрмектер (29% - ға) жеткізілімдері ұлғайтылды (Одибоев, 2023).

Сауда айналымындағы экспорт пен импорт көрсеткіштерін қарастыратын болсақ, суретте көрсетілгендей, 2019-2024 жылдар аралығында Ресей мен Қазақстан арасындағы өзара сауда айтарлықтай қарқынды дамып келеді. Әсіресе, 2023 жылы экспорт көлемі айтарлықтай жоғары қарқынмен өсті, ол негізінен 2022 жылғы Украина мен Ресей арасындағы саяси жағдайлардың ықпалынан қаржылық-экономикалық дағдарысқа байланысты төмендеумен сипатталды. Ал импорт көлемі салыстармалы түрде 2024 жылы өскенін байқаймыз.



Сурет 1. Қазақстан мен Ресей арасындағы сауда айналымының экспорт және импорттық көрсеткіштері (автор құрастырған) (<https://stat.gov.kz/>, 01.04.2025 ж. *Мың АҚШ доллары есебінде*)

Ресей Федерациясының Қазақстан Республикасындағы Елшілігінің деректері бойынша 2020 жылы Қазақстанда жұмыс істейтін росбизнесаудит компанияларының саны 4,2% - ға артып, 3394 компанияны құрады. «Газпром», «Газпром нефть», «Лукойл», «Орыс мыс компаниясы», «Ростех», «құбыр металлургиялық компаниясы», «Яндекс» және т. б. сияқты ірі ресейлік компаниялардың қатысуымен 50-ден астам жоба іске асырылуда. 2022 жылдың ақпан айынан бастау алған Украина мен Ресей арасындағы қақтығыс Ресей экономикасына және соның ішінде халықаралық ынтымақтастыққа да әсер етті. Ресей билігінің қабылдаған шешімінің салдары әлем елдері үшін де, Қазақстан үшін де саяси және экономикалық негізде әсерін тигізді Ресей Федерациясының аумақтық тұтастығы мен егемендігін нацистік Украина үкіметінің қауіп-қатерінен қорғау үшін арнайы әскери операцияның басталуымен достас емес мемлекеттер Ресейге қарсы кең ауқымды санкциялар енгізді. АҚШ бастаған Батыс коалициясы халықаралық құқықтың барлық нормалары бойынша Ресей үкіметіне сауда-экономикалық «блокада» жариялады (Одибоев, 2023) .

Қазіргі кезде екі ел бірлесіп көптеген маңызды жобаларды жүзеге асыруда. Алайда, Украинаның оккупациялануы мен халықаралық санкциялар мен қысымдарға байланысты Ресеймен экономикалық ынтымақтастық Қазақстан мен Орталық Азияның басқа да елдері үшін айтарлықтай шығынға ұшырау қаупін тудырады. Сондықтан бұл түсініктеме Ресейдің Қазақстан экономикасындағы рөлін талдауға, экономикалық ынтымақтастықтан туындайтын ықтимал тәуекелдерді ашып көрсетуге және саяси ұсыныстар беруге бағытталған (Додонов, 2023).

Бұл ретте Қазақстандағы ресейлік компаниялардың қызметі айтарлықтай өсті. Қазақстандық валюта нарығындағы сауда-саттық көлемі негізінен рубль-теңге жұбындағы сауда үлесінің ұлғаюы есебінен өсіп, жалпы валюталық саудада 9%-ға жетті. Қысқа экономикалық негізде қарасақ, Батыс тарапынан салынған санкциялар Ресей экономикасын әлсіреткені анық. Сәйкесінше, рубль құлдырап, артынша теңге де әлсірей түседі (https://forbes.kz/finances/exchange/torgi_ruble_na_kase_vyirosli_pochti_v_10_raz_polgoda, 25.03.2025 ж.). Екіжақты экономикалық ынтымақтастықтың ең белсенді бағыты тауар саудасы болып табылады. Санкциялық қысым кезеңінде, 2022 жылы тауар айналымының 6,1%-ға артуы байқалды. Бұл өсім қазақстандық экспорттың Ресейге өте қарқынды өсуімен қамтамасыз етілді, ал Қазақстанға импорт аздап төмендегені көрсетілген. Импорттың

төмендеуі, сәйкесінше, 2022 жылы рубль бағасының, оның ішінде қазақстандық валюта теңгесіне қатысты күрт өсуіне байланысты болды. Бұл Қазақстан нарығындағы ресейлік тауарлар бағасының айтарлықтай өсуіне және оларға сұраныстың төмендеуіне әкелді (Додонов, 2023).

Кесте 3. 2021-2022 жылдары Қазақстанның Ресеймен тауар саудасының параметрлері және олардың өзгеруі. Қазақстанның Ұлттық статистика бюросының деректері бойынша есептелді (мың АҚШ доллары) (автормен құрастырылған) (<https://stat.gov.kz/>, 01.04.2025 ж.)

	2021	2022	Өзгеруі, %
Сауда айналым	24 624	26 123	6,1
Экспорт	7019	8781	25,1
Импорт	17 606	17 343	-1,5

Санкциялардан кейін көптеген ресейлік компаниялар Қазақстанға көшті. 2022 жылдың қаңтар-мамыр айларында елімізде жұмыс істейтін шетелдік компаниялардың саны 12,7%-ға өсіп, 25 мыңға жақындады. Есепті кезеңде көрсеткіш 2400 компанияға өсті, оның 1600-і Ресейден келген. 2022 жылдың мамыр айының соңында олардың саны 13 000-ға жетті, ал Беларусьтен эмиграцияланған компаниялардың саны 120-ға жетті. Қазақстандағы шетелдік компаниялар ағынының ұлғаюы 2022 жылдың наурызында басталады деген болжам болды. Бұл компаниялар пайда әкелетініне қарамастан, Қазақстан үкіметі санкцияларға байланысты тәуекелдерді және Қазақстанның ішкі нарығындағы бәсекелестіктің күшеюін қарастыруы керек. Сондықтан алдын ала жұмсарту саясатын әзірлеу маңызды (Додонов, 2023).

Украина дағдарысынан кейін Ресей Қазақстанға қауіп төндіретін кейбір даулы шешімдер қабылдады. Әсіресе Ресейдің астық пен қант экспортына уақытша шектеу қоюы Қазақстан нарығында теріс нәтиже берді. Біріншіден, бұл қадам осы тауарларды жеткізуді азайтып, тапшылық пен бағаның өсуіне әкелді. Екіншіден, астық тапшылығы Қазақстандағы егіс науқанына қауіп төндірді. Үшіншіден, бағаның көтерілуі Қазақстанда әлеуметтік наразылық тудырды. Ақырында, қаралып отырған шешім Еуразиялық экономикалық одақтың (ЕАЭО) тауарлардың еркін қозғалысын қолдайтын, стратегиялық одақтастарды тәуекелге ұшыратып, екі елдің экономикалық мүдделеріне нұқсан келтіретін қағидаттарын бұзды (Комолов, 2024).

Ресей Федерациясының экономикалық жағдайына қарамастан Қазақстан мен Ресей ел арасындағы 2023-2025 жылдар аралығында сауда-экономикалық қарым-қатынастар ынтымақтастықтың түрлі салаларын қамтитын серпінді дамуды көрсетті. Сауда айналымы және инвестиция саласы бойынша 2023 жылы екі ел арасындағы тауар айналымы 27 миллиард доллардан асты. 2024 жылдың қаңтар-қараша айлары аралығында өзара сауда көлемі 24,2 миллиард долларды құрады, бұл 2023 жылдың бүкіл көрсеткішімен салыстырғанда. Жеткізілетін тауарлар ассортиментін кеңейту арқылы тауар айналымын 30 миллиард долларға дейін ұлғайту жоспарлануда. Өнеркәсіптік кооперацияда жүзеге асырылған жобалардың жалпы көлемі 26,5 млрд долларды құрайтын 135 жобаны құрады, оның ішінде 140 жоба Қазақстанда жүзеге асырылуда. Ұлттық валюталардың өзара есеп айырысудағы үлесі 90%-ға жетеді (https://eurasia.expert/ekonomicheskije-otnosheniya-kazakhstana-i-rossii-izbrannye-statii-za-2024-god/?utm_source=em, 10.04.2025 ж.).

Сонымен қатар, өнеркәсіп және энергетика салалары бойынша да көптеген жұмыстар атқарылуда. Мұнай-газ саласындағы бірлескен жобалар белсенді дамып келеді. Атап айтқанда, 2025 жылдың сәуірінде Ресей Қазақстаннан мұнай экспортын айтарлықтай төмендетуі мүмкін жоспардан тыс тексерулерге байланысты Қазақ Каспий құбыры консорциумының (КҚК) Қара теңіз терминалындағы үш айлақтың екеуінің жұмысын тоқтатты. Бұл қадам Қазақстанның ОПЕК+ квотасынан асып кетуі және әлемдік мұнай

жеткізілімінің шамамен 1%-ына әсер еткен жағдайда жасалды. 2024 жылдың қарашасында Ресей президенті Владимир Путин Қазақстанға сапармен келді, онда энергетикалық ынтымақтастық мәселелері, оның ішінде мұнай мен газ транзиті, сондай-ақ Ресейдің Қазақстандағы атом электр станциясының құрылысына қатысуы талқыланды ([https://optimism.kz/2023/11/09/prezidenty-kazahstana-i-rossii-dostizheniya-i-novye-soglasheniya/?utm_source=](https://optimism.kz/2023/11/09/prezidenty-kazahstana-i-rossii-dostizheniya-i-novye-soglasheniya/?utm_source=,), 15.04.2025 ж.).

Қытай географиялық тұрғыдан Қазақстан үшін маңызды мемлекет. Қытай арқылы Азия-Тынық мұхиты елдері арқылы Моңғолия мен Қазақстан Ресейге, Украинаға жетеді. Әрі қарай еуропалық нарығы. Қытай Халық Республикасының нарықтық экономикаға көшуі үздіксіз даму жолымен жүреді. Қазіргі уақытта бұл АҚШ-тан кейінгі екінші ірі экономика болып саналады. Оның өзіндік тарихы, экономикасы және геосаяси мүдделері қалыптастырған тұрақты сыртқы саясаты бар (Воловик, 2018).

Кесте 4. 2015–2024 жылдарға арналған Қазақстан мен Қытай арасындағы тауар айналымының динамикасы (<https://stat.gov.kz/>, 01.04.2025 ж.)

Жыл	Сауда айналымы (млрд АҚШ долл.)	Экспорт (млрд АҚШ долл.)	Импорт (млрд АҚШ долл.)
2015	10,2	4,6	5,6
2016	8,6	3,3	5,3
2017	10,5	4,9	5,6
2018	11,7	6,3	5,4
2019	14,6	7,9	6,7
2020	15,4	9,1	6,3
2021	18,1	11,2	6,9
2022	24,1	13,2	10,9
2023	31,5	15,3	16,2
2024	33,0	16,0	17,0

Кестеде Қазақстан мен Қытай арасындағы тауар айналымының 2015 жылдан 2024 жылға дейінгі кезеңде қалай дамығаны, оның ішінде Қазақстаннан Қытайға экспорт және Қытайдан Қазақстанға импорт көрсетілген. 2015 жылы екіжақты сауда көлемі 10,2 млрд АҚШ долларын құрады. Кестеден қарайтын болсақ, 2023 жылға қарай жалпы сауда айналымындағы көрсеткіш 31,5 миллиард долларға дейін өсті - бұл 8 жылда 3 еседен астам өсім. Оның ішінде, экспорт көрсеткіші жылдан жылға тұрақты өсуде. Мысалы, 2015 жылы 4,6 миллиард доллардан 2023 жылы 15,3 миллиард долларға дейін. Мұндағы негізгі тауарларға мұнай, металдар, уран, ауыл шаруашылығы өнімдері жатады. Импорт көрсеткіші де оң нәтижені көрсетіп келеді. Мысалы, 2015 жылғы 5,6 миллиард АҚШ долларынан 2023 жылы 16,2 миллиард АҚШ долларына дейін. Негізгі импорттық тауарларға Қытайдан жабдықтар, электроника, автомобиль көлігі, өнеркәсіптік жабдықтар, халық тұтынатын тауарлар жатады (<https://stat.gov.kz/>, 01.04.2025 ж.).

2013 жылдың қыркүйегі мен қазан айларындағы, ҚХР төрағасы Си Цзиньпин Орталық Азия мен Оңтүстік-Шығыс Азияға жасаған сапарлары барысында «Жібек жолы экономикалық белдеуі» стратегиялық тұжырымдамасын ұсынып, белдеу бойынша орналасқан елдер мен аймақтардың белсенді қолдауына ие болды. Бұл жаһандық бастама тарихи Ұлы Жібек жолының заманауи үлгісі ретінде Еуропа мен Азияны біріктіруге,

инфрақұрылымды дамытуға және сауда байланыстарын нығайтуға бағытталған. Бастаманың Қытайға ғана емес, қатысушы елдердің экономикалық дамуына да әсері зор. Олардың ішінде ЕЭК-тің негізгі стратегиялық серіктестері Қазақстан мен Ресей болып табылады. Аталған стратегиялық тұжырымдаманың бірнеше алғышарты бар. Бастысы, бұл Қазақстанның тиімді географиялық орнын көрсетеді. Бұдан тыс, екі елдің арасындағы ынтымақтастықтың баянды дамыр отырғанының бір көрінісі. Үшіншіден, Қазақстанда инвесторлар үшін қолайлы жағдай жасалған, Қазақстан жаңа идеяларға, білімге, инновацияларға ашық. Еуразия құрлығының ортасынан орын тепкен Қазақстан - түстік пен теріскейді, шығыс пен батысты біріктіретін жолдар торабы іспетті. Осындай тиімді географиялық орны да Қытайдың «Бір белдеу, бір жол» бастамасын іске асырудағы негізгі серіктес ретінде Қазақстанды таңдауына алғышарт болып қызмет етті. Бұл идея 2014 жылы сол кездегі мемлекет басшысы Н.Ә. Назарбаевтың «Нұрлы жол – болашаққа бастар жол» атты Жолдауында нақты айқындалды. «Нұрлы жол» Жаңа экономикалық саясаты мен ЖЖЭБ құрудың ұштасуы бойынша ынтымақтастық жоспарына Қазақстан мен Қытай үкіметтері 2016 жылы қол қойды. 2015 жылдың 8 шілдесінде Ресейдің Уфа қаласында Ресей президенті Владимир Путинмен кездесу кезінде Си Цзиньпин екі жақ Шаңхай ынтымақтастық ұйымын, Жібек жолы экономикалық белдеу мен Еуразиялық экономикалық одақты біріктіруші тұғырнама ретінде қолданып, ШЫҰ негізінде жоғары деңгейдегі стратегиялық ынтымақтастықты қолдау, экономика мен сауда, мәдени алмасу, аймақтық қауіпсіздікті сақтау сынды басқа да салаларда серіктестік қатынасты орнатуды ұсынды (Сарқытқан, 2021).

Қазақстанның Қытай және Ресеймен арадағы сауда-экономикалық ынтымақтастығының өзіндік ерекшеліктері мен мәселелері және айтарлықтай даму әлеуеті де бар. Осыны ескерген мемлекеттер қолданыстағы проблемаларды шешу және ынтымақтастықтың жаңа бағыттарын дамыту бойынша белсенді жұмыс қарым-қатынастарды нығайтуға, өзара тиімділікті қамтамасыз етуге талпынуда (Трокаль, 2019).

Сауда-экономикалық ынтымақтастықтағы мәселелер бойынша:

- Шикізат ресурстарына тәуелділік- Қазақстан мен Ресей арасындағы сауданың негізгі проблемаларының бірі-екі ел де шикізат тауарларының, ең алдымен көмірсутектердің (мұнай мен газ) экспортына қатты тәуелді. Бұл екі экономикаға да осалдық туғызады, өйткені мұнай мен басқа ресурстардың әлемдік бағасының ауытқуы олардың экономикалық тұрақтылығына тікелей әсер етеді. Ал Қытаймен арада ондай мәселе жоқдерлік. Себебі Қытай шикізат тұтынушы әрі дайын тауарды экспорттаушы ел. Бұл тұрғыда Қытай Ресей үшін де, Қазақстан үшін де сұранысқа ие тарап болып қала береді.

- Кедендік және көлік мәселелері - қолданыстағы кедендік кедергілер мен көлік қиындықтары елдер арасындағы сауда процесін бәсеңдетуі мүмкін, бұл мәселелер үш елдің де экономикасын әртараптандыру үшін шешуге тиісті маңызды мәселе ретінде қарастырылуда.

Сауда-экономикалық ынтымақтастықтың болашағы бойынша:

- ЕЭО шеңберіндегі интеграция. Қазақстан мен Ресей ЕАЭО-ның толыққанды мүшелері болып табылады, бұл екі елдің экономикалық ынтымақтастығын тереңдету үшін үлкен мүмкіндік береді. ЕАЭО шеңберінде тауарлар, қызметтер, капиталдар мен жұмыс күшінің еркін айналымы қамтамасыз етілген. Бұл, өз кезегінде, екі елдің сауда байланыстарын кеңейтуге және кедендік тарифтер мен басқа да сауда кедергілерін төмендетуге мүмкіндік береді. ЕАЭО арқасында Қазақстан мен Ресей өздерінің ішкі нарықтарына қол жеткізе отырып, бірлескен жобаларды іске асыруға және жаңа өнімдерді шығаруға мүмкіндік алады. Бұл тұрғыда Қытай мемлекеті Шаңхай ынтымақтастығы аясында және «Қытай және Орталық Азия елдері ынтымақтастығы» аясында белсенді жұмыс жасап келеді. Тіпті, соңғы жылдары Қытайдың қаржылық және технологиялық көмегі мен іскерлігі аймақ елдері ішінде Ресейдің ықпалын әлсіретіп отыр.

Энергетикалық ынтымақтастық. Қазақстан мен Ресей және Қазақстан мен Қытай арасындағы энергетикалық саласындағы ынтымақтастық осы елдер арасындағы басты байланыс тақырыбы болып табылады. Әсіресе мұнай мен газ саласындағы іскерлік қатынастар мен құбырлар тасымалы және оның инфрақұрылымдарын дамыту және өзара тиімді энергетикалық жобаларды іске асыру мемлекеттер ара ынтымақтастықтың маңызды бағыты болары анық.

Инфрақұрылымдық жобалар және транзиттік әлеует. Бұл үш ел арасындағы ынтымақтастық болса да, соңғы кездері Қытай мен Қазақстан арасындағы транзиттік әлеует артып келеді. «Батыс Қазақстан және Батыс Қытай автокөлік жолы» сынды инфрақұрылымдық жобалар, әсіресе көлік және логистика саласында, екі елдің экономикалық байланыстарын күшейте алады. Бұл үдеріс Қазақстанның Қытай мен Еуроодақ арасындағы дәліздік ерекшелігін айқындап отыр. Бұл тұрғыда Қазақстан Ресей үшін де транзиттік рөлін атқаруда. Сондықтан көлік инфрақұрылымын жақсарту және заманауи логистикалық жүйелерді дамыту болашақта сауда көлемінің артуына себепші болады (Зинурина, 2014).

Қазақстан, Ресей және Қытай арасындағы сауда-экономикалық қатынастар өзара тиімділікке, ресурстық өзара толықтыруға және өңірлік тұрақтылық пен интеграцияға ортақ қызығушылыққа негізделген Еуразиядағы стратегиялық үшбұрышты қалыптастырады. Қазақстан мен Қытай арасындағы қарым-қатынас ғасырлар бойы қалыптасқан. Бұл халықтар өздерінің ортақ тарихында бір-бірімен саяси байланыстың әртүрлі кезеңдерін бастан кешірді. Ежелгі заманнан бері екі халық та жаңа аумақтық иеліктерді басып алуға ұмтылды, бұл үлкен соғыстар мен қақтығыстарға әкелді. Бірақ екі мемлекет арасындағы ынтымақтастықтың тағы бір бейбіт нысаны – сауда, ол бейбіт, өзара тиімді қарым-қатынастар орнатуға әкелді. Әрине, бұл ретте Қазақстан мен Орталық Азияны Қытаймен, жаһандық ауқымда Еуропа мен Азияны байланыстыратын Ұлы Жібек жолы маңызды рөл атқарады (<https://www.advantour.com/rus/silkroad/>, 25.04.2025 ж.).

Қорытынды

Зерттеу нәтижелері Қазақстан мен Ресей және Қытай мемлекеттерінің ынтымақтастығы өзара тиімділік пен бірге өзге елдер үшін де маңызды екендігін көрсетті. Осыған орай, мемлекеттер арасындағы саяси-дипломатиялық байланыстардың жақсы дамуы олар арасындағы сауда-экономикалық, ғылыми-мәдени қарым-қатынастардың да оң бағытта дамуына ықпал етері айқындалды. Осындай өзара сенім мен ынтымақтастыққа негізделген ұстанымдар мемлекеттер арасында көптеген аймақтық және халықаралық деңгейдегі жобалардың пайда болуына негіз бола алады. Мәселен, «Бір жол – бір белдеу» бастамасы аясында көлік, логистика, энергетика және өнеркәсіп салаларындағы бірлескен жобалар Қытай мен Қазақстанның экономикалық ықпалдастығын нығайтып, сауда айналымы мен инвестициялық ағындарды арттырып келеді. Сонымен қатар, экспорт құрылымындағы шикізаттық басымдық, сауда теңгерімсіздігі және технологиялық тәуелділік тәрізді факторлар экономикалық әріптестіктің кейбір шектеулерін айғақтайды. Бұл ретте экспортты әртараптандыру, жоғары технологиялы өнім өндірісін ынталандыру, нормативтік үйлесімді арттыру және трансшекаралық жобаларды үйлестіру жолымен экономикалық серіктестіктің сапалық параметрлерін жақсартуға мүмкіндік берері анық.

Ал Қазақстан мен Ресей арасындағы сауда-экономикалық байланысының өзектілігі қазіргі жаһандану мен аймақтық интеграция жағдайында маңызы көп. Екі ел арасындағы ынтымақтастық Еуразиялық ынтымақтастық ұйымға мүше болғаннан бастап тереңдей түсіп, ортақ нарықтың қалыптасуында негіз болып отыр. Қазақстан мен Ресейдің сауда-экономикалық ынтымақтастығы екі елге де өзара даму үшін көптеген мүмкіндіктер береді, алайда осы мүмкіндіктерді толық іске асыру үшін қазіргі проблемаларды белсенді түрде шешіп, ұзақ мерзімді келешектерді орнықты және өзара тиімді ынтымақтастыққа ұмтылу

кажет. Геосаяси тұрақсыздық пен сыртқы экономикалық қысым жағдайында Қазақстан мен Ресей арасындағы әріптестік өзара экономикалық қауіпсіздікті қамтамасыз етудің тиімді құралы болып көрінеді.

Әдебиеттер:

Аскар Мамин принял..., 2025 – Аскар Мамин принял участие в I Каспийском экономическом форуме в Туркменистане // <https://www.zakon.kz/4981205-askar-mamin-prinyal-uchastie-v-i.html> (Қаралған күні: 30.03.2025)

Бактиярова, Баудиярова, 2023 - *Бактиярова А.Ж., Баудиярова Э.Н.* Торгово-экономическое сотрудничество Казахстана и России: проблемы и перспективы // Экономика и управление народным хозяйством. 2023. Раздел 2. С. 65-69 (Қаралған күні: 27.03.2025)

Великий..., 2023 - *Великий шелковый путь.* [Электрондық ресурс] URL: <https://www.advantour.com/rus/silkroad/> (Қаралған күні: 25.04.2025)

Воловик, 2018 - *Воловик Надежда.* Торгово-экономические отношения Евразийского экономического союза с китайской народной Республикой // Экономическое развитие России. 2018. Том 25. № 10. С. 28-327.

Гребениченко, Сагиндилов, 2014 - *Гребениченко С.Ф., Сагиндилов Р.Е.* Состояние и перспективы экономического сотрудничества Российской Федерации и Республики Казахстан. 2014. С. 1-7

Додонов, 2023 - *Додонов В.Ю.* Экономическое сотрудничество Казахстана и России в условиях санкционного давления: основные итоги 2022 года. [Электрондық ресурс] URL: <https://cyberleninka.ru/article/n/ekonomicheskoe-sotrudnichestvo-kazahstana-i-rossii-v-usloviyah-sanktsionnogo-davleniya-osnovnye-itogi-2022-goda> (қаралған күні 05.04.2025 ж.)

Зинурина, 2014 - *Зинурина А.Б.* Состояние торгового сотрудничества между Россией и Казахстаном в рамках таможенного союза // Инфраструктурные отрасли экономики: проблемы и перспективы развития. 2014. С. 14-17.

KASE – дегі..., 2022 - KASE-дегі рубль саудасының көлемі жарты жылда 10 есеге жуық өсті [Электрондық ресурс] URL: https://forbes.kz/finances/exchange/torgi_rublem_na_kase_vyirosli_pochti_v_10_raz_polgoda. (Қаралған күні: 25.03.2025)

Комолов, 2024 – *Комолов О.* Воздействие западных санкций на роль и место России в отношениях с Казахстаном // Общество и экономика. 2024. С. 128-136.

Қазақстан Республикасы Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігі Ұлттық статистика бюросы. [Электрондық ресурс] URL: <https://stat.gov.kz/> (Қаралған күні: 01.04.2025)

Мырзахметова, Алшимбаева, Туркеева, Еримпашаева, 2020 - *Мырзахметова А.М., Алшимбаева Д.У., Туркеева К.А., Еримпашаева А.Т.* Торгово-экономическое сотрудничество Казахстана и России: особенности и приоритеты развития. // Экономика: стратегия и практика. № 3 (15), 2020. С. 120-133

Наурызбекова, Власова, 2021 - *Наурызбекова М., Власова Д.* Влияние Covid-19 на экономику Казахстана // «МОЛОДЕЖЬ, НАУКА И ИННОВАЦИИ». Т.3. 2021. С. 330

Нуртазин, 2018 – *Нуртазин М.М.* Роль Республики Казахстан в геополитической трансформации в рамках «Евразийского проекта» // Проблемы постсоветского пространства. 2018. №5(2). С. 191-202

Одибоев, 2023 – *Одибоев К.М.* Прочность современных торгово-экономических отношений между Россией и Казахстаном // Постсоветские исследования. Т. 6. № 7 (2023). С. 831-835.

Президенты Казахстана..., 2023 - Президенты Казахстана и России: достижения и новые соглашения. [Электрондық ресурс] URL: https://optimism.kz/2023/11/09/prezidenty-kazahstana-i-rossii-dostizheniya-i-novye-soglasheniya/?utm_sourcem (Қаралған күні: 10.04.2025)

Сагиндиқов, 2014 - *Сагиндиқов Р.Е.* Казахстан и Россия: грани сотрудничества // Среднерусский вестник общественных наук. С. 174-178.

Сарқытқан, 2021 – Сарқытқан Қастер. ЖІБЕК ЖОЛЫ ЭКОНОМИКАЛЫҚ БЕЛДЕУІНЕ ОН ЖЫЛ: ҚАЗАҚСТАН-ҚЫТАЙ ҚАРЫМ-ҚАТЫНАСТАРЫНЫҢ АЯСЫНДА. 2021.

Трокаль, 2019 - *Трокаль Т.В.* Основные аспекты современного политико-экономического сотрудничества между Россией и Казахстаном // Постсоветские исследования. 2019. №3. С. 1078–1084.

Экономические отношения..., 2024 - Экономические отношения Казахстана и России: избранные статьи за 2024 год [Электрондық ресурс] URL: https://eurasia.expert/ekonomicheskie-otnosheniya-kazakhstana-i-rossii-izbrannyye-stati-za-2024-god/?utm_source (Қаралған күні: 15.04.2025)

References:

Askar Mamin prinyal..., 2025 - Askar Mamin prinyal uchastie v I Kaspyskom ekonomicheskom forumе v Turkmenistane // <https://www.zakon.kz/4981205-askar-mamin-prinyal-uchastie-v-i.html> (Qaralğan kuni: 30.03.2025), (in rus.)

Baktiyarova, Baudiyarova, 2023 - *Baktiyarova A.Zh., Baudiyarova E.N.* Torgovo-ekonomicheskoye sotrudnichestvo Kazakhstana i Rossii: problemy i perspektivy // *Ekonomika i upravleniye narodnym khozyaystvom*. 2023. Razdel 2. S. 65-69 (Qaralğan kuni: 27.03.2025)

Veliky..., 2023 - Veliky shelkovy put. [Elektrondyq resurs] URL: <https://www.advantour.com/rus/silkroad/> (Qaralğan kuni: 25.04.2025), (in rus.)

Volovik, 2018 - *Volovik Nadezhda*. Torgovo-ekonomicheskiye otnosheniya Yevrazyskogo ekonomicheskogo soyuza s kitayskoy narodnoy Respublikoy // *Ekonomicheskoye razvitiye Rossii*. 2018. Tom 25. № 10. S. 28-327.

Grebenichenko, Sagindikov, 2014 - *Grebenichenko S.F., Sagindikov R.E.* Sostoyaniye i perspektivy ekonomicheskogo sotrudnichestva Rossyskoy Federatsii i Respubliki Kazakhstan. 2014. S. 1-7

Dodonov, 2023 - *Dodonov V.Yu.* Ekonomicheskoye sotrudnichestvo Kazakhstana i Rossii v usloviyakh sanktsionnogo davleniya: osnovnye itogi 2022 goda. [Elektrondyq resurs] URL: <https://cyberleninka.ru/article/n/ekonomicheskoe-sotrudnichestvo-kazakhstana-i-rossii-v-usloviyakh-sanktsionnogo-davleniya-osnovnye-itogi-2022-goda> (Qaralğan kuni 05.04.2025 zh), (in rus.)

Zinurina, 2014 - *Zinurina A.B.* Sostoyaniye torgovogo sotrudnichestva mezhdru Rossiiyey i Kazakhstanom v ramkakh tamozhennogo soyuza // *Infrastrukturnyye otrasli ekonomiki: problemy i perspektivy razvitiya*. 2014. S. 14-17.

KASE – degi..., 2022 - KASE-degi rubl saudasynyn kolemi zharty zhylda 10 esege zhuyq osti [Elektrondyq resurs] URL: https://forbes.kz/finances/exchange/torgi_rublem_na_kase_vyirosli_pochti_v_10_raz_polgoda. (Qaralğan kuni: 25.03.2025), (in kaz.)

Komolov, 2024 – *Komolov O.* Vozdeystviye zapadnykh sanktsy na rol i mesto Rossii v otnosheniyyakh s Kazakhstanom // *Obshchestvo i ekonomika*. 2024. S. 128-136.

Qazaqstan Respublikasy Strategiyalyq zhosparlau zhәне reformalar agenttigi Ylttyq statistika byurosy. [Elektrondyq resurs] URL: <https://stat.gov.kz/> (Qaralğan kuni: 01.04.2025, in kaz)

Myrzakhmetova, Alshimbayeva, Turkeyeva, Yerimpashayeva, 2020 - *Myrzakhmetova A.M., Alshimbayeva D.U., Turkeyeva K.A., Yerimpasheva A.T.* Torgovo-ekonomicheskoye sotrudnichestvo Kazakhstana i Rossii: osobennosti i priority razvitiya. // *Ekonomika: strategiya i praktika*. № 3 (15), 2020. S. 120-133

Naurzbekova, Vlasova, 2021 - *Naurzbekova M., Vlasova D.* Vliyaniye Sovid-19 na ekonomiku Kazakhstana // «MOLODEZh, NAUKA I INNOVATsII». T.3. 2021. S. 330

Nurtazin, 2018 – *Nurtazin M.M. Rol Respubliki Kazakhstan v geopoliticheskoy transformatsii v ramkakh «Evrazyskogo proyekta» // Problemy postsovetskogo prostranstva. 2018. №5(2). S. 191-202*

Odiboyev, 2023 – *Odiboyev K.M. Prochnost sovremennykh trgovno-ekonomicheskikh otnosheniy mezhdu Rossiyei i Kazakhstanom // Postsovetskiye issledovaniya. T. 6. № 7 (2023). S. 831-835.*

Prezidenty Kazakhstana..., 2023 - *Prezidenty Kazakhstana i Rossii: dostizheniya i novye soglasheniya. [Elektrondyq resurs] URL: https://optimism.kz/2023/11/09/prezidenty-kazahstana-i-rossii-dostizheniya-i-novye-soglasheniya/?utm_sourcem (Qaralghan kuni: 10.04.2025), (in rus)*

Sagindikov, 2014 - *Sagindikov R.E. Kazakhstan i Rossiya: grani sotrudnichestva // Srednerusskiy vestnik obshchestvennykh nauk. C. 174-178.*

Sarqytqan, 2021 – *Sarqytqan Qaster. Zhibek zholy ekonomikalyk beldeuine on zhyl: qazaqstan-qytay qarym-qatynastarynyn ayasynda. 2021.*

Trokal, 2019 - *Trokal T.V. Osnovnye aspekty sovremennogo politiko-ekonomicheskogo sotrudnichestva mezhdu Rossiyei i Kazakhstanom // Postsovetskiye issledovaniya. 2019. №3. S. 1078–1084.*

Ekonomicheskiye otnosheniya..., 2024 - *Ekonomicheskiye otnosheniya Kazakhstana i Rossii: izbrannyye statyi za 2024 god [Elektrondyq resurs]*

URL: https://eurasia.expert/ekonomicheskije-otnosheniya-kazahstana-i-rossii-izbrannyye-statyi-za-2024-god/?utm_sourcem (Qaralghan kuni: 15.04.2025), (in rus.)

¹Саркытқан К. ²Райымбекова Н.А. ³Токан Р.

¹Институт востоковедения им. Р.Б. Сулейменова, Алматы, Казахстан

^{2,3} КазНПУ имени Абая, Алматы, Казахстан

E-mail: ¹kaster012@mail.ru, ²nazymrayimbekova@mail.com, razia1701@mail.ru

ТОРГОВО-ЭКОНОМИЧЕСКОЕ СОТРУДНИЧЕСТВО КАЗАХСТАНА С КИТАЕМ И РОССИЕЙ: ГЕОПОЛИТИЧЕСКИЕ ИНТЕРЕСЫ И ГЕОЭКОНОМИЧЕСКИЕ ЗАВИСИМОСТИ

Аннотация. В данной статье в качестве основной темы рассматриваются торгово-экономические связи и геополитическое сотрудничество Казахстана с Россией и Китаем, которые являются основными стратегическими партнерами. Китай и Россия являются активными участниками в геополитической и геоэкономической сфере современного мирового уровня. Казахстан по географическому положению граничит с двумя крупнейшими странами. Для этого в политических и экономических условиях Казахстана эти две страны имеют особое влияние. Особенно после распада Советского Союза между Казахстаном и Россией установился иной порядок взаимоотношений. Однако трудно сказать, что за более чем 30-летнюю историю развития суверенитета принципы взаимного равенства между двумя странами были полностью соблюдены. Даже геополитические условия, складывающиеся в последнее время, создают впечатление, будто они расходятся с позициями равенства и взаимной выгоды. Важным направлением сотрудничества между Казахстаном и Россией является торгово-экономическое направление. Для этого актуальным является исследование с приоритетом в этой области.

Многоотраслевые связи между Казахстаном и Китайской Народной Республикой строятся после суверенитета. Переход Китая к рыночным экономическим отношениям увеличил его влияние на мировой рынок. Это, в свою очередь, сказалось и на Казахстане в региональном экономическом плане. Формирование, состояние развития и влияние на глобальную экономику программы «Один пояс, один путь», считающейся стратегией глобального и регионального развития Китая, также были рассмотрены в статье. В статье

изучены торговые и экономические связи Казахстана с двумя соседними странами, определены основные направления взаимодействия. В современных условиях раскрыты особенности и проблемы развития сотрудничества между государствами и предложены эффективные пути развития инвестиционного сотрудничества. По итогам исследования были проанализированы дипломатические связи, торговый оборот, в том числе объемы экспорта и импорта, современное экономическое положение двух стран.

Новизна статьи заключается в сравнительном анализе торгово-экономического и инвестиционного сотрудничества между Казахстаном и Россией, Казахстаном и Китаем, развивающегося в условиях глобализации. Этим определяются вопросы взаимосвязи и взаимозависимой интеграции Казахстана и соседних стран, потенциала и развития национальной экономики. В зависимости от специфики исследования используются методы экономического, статистического, историко-сравнительного, географического моделирования.

Благодарность: Данная статья написана на основе результатов исследования проекта грантового финансирования под названием: ИРН АР19679663 «Интеграция интересов в современном геополитическом пространстве Центральной Азии: Экономическая интеграция и факторы национальной безопасности».

Ключевые слова: дипломатические отношения, внешняя торговля, экономическая интеграция, инвестиции, геополитика, «Один пояс, один путь», санкции.

¹ Sarkytkan K. ²Raiymbekova N.A. ³Tokhan R.

¹ Leading Researcher at the R. B. Suleimenov Institute of Oriental Studies,
Almaty, Kazakhstan

^{2,3} Abai Kazakh National Pedagogical University, Almaty, Kazakhstan

E-mail: ¹kaster012@mail.ru, ²nazymrayimbekova@mail.com, razia1701@mail.ru

TRADE AND ECONOMIC COOPERATION OF KAZAKHSTAN WITH CHINA AND RUSSIA: GEOPOLITICAL INTERESTS AND GEOECONOMIC DEPENDENCIES

Abstract. The proposed article focuses on the trade-economic relations and geopolitical cooperation between Kazakhstan and its key strategic partners—Russia and China. Both China and Russia are active players in the current global geopolitical and geoeconomic landscape. Kazakhstan shares borders with these two major powers due to its geographical location, which amplifies their influence on Kazakhstan's political and economic environment. In particular, following the dissolution of the Soviet Union, a unique framework of relations emerged between Kazakhstan and Russia. However, over the more than 30 years of Kazakhstan's independence, it is difficult to assert that the principles of mutual equality have been fully upheld in bilateral relations. In recent years, the evolving geopolitical dynamics suggest a departure from the foundations of equality and mutual benefit. One of the most significant areas of cooperation between Kazakhstan and Russia remains the trade-economic sphere. Therefore, prioritizing research in this domain is of particular relevance.

Since gaining independence, Kazakhstan has significantly expanded its multifaceted relations with the People's Republic of China. China's transition to a market economy has enhanced its influence in the global market, which in turn has had a regional economic impact on Kazakhstan. The article examines the development, current state, and global economic implications of China's "Belt and Road Initiative," which serves as a key element of its global and regional development strategy. The study analyzes Kazakhstan's trade and economic relations with its two neighboring countries—China and Russia—while identifying the main areas of bilateral cooperation. It also explores the current characteristics and challenges of intergovernmental collaboration and proposes effective strategies for advancing investment cooperation. Based on the research findings, the article

assesses the state of diplomatic relations between the countries, the volume of trade turnover—including exports and imports—and the current economic situation.

The novelty of the article lies in its comparative analysis of the trade-economic and investment cooperation between Kazakhstan and Russia, and between Kazakhstan and China, in the context of globalization. This approach reveals the interdependence and mutual integration between Kazakhstan and its neighboring countries, while also identifying key issues and potential in the development of the national economy. Given the specific nature of the study, a combination of economic, statistical, historical-comparative, and geographical modeling methods is employed.

Acknowledgement: This article was written based on the research results of the research project for grant funding of the: IRN AP19679663 «Interaction of interests in the current geopolitical space of Central Asia: Based on economic integration and national security factors».

Key words: diplomatic relations, foreign trade, economic integration, investment, geopolitics, "One Belt, One Road", sanction.

Авторлар туралы мәлімет:

Қастер Сарқытқан, г.ғ.к., Р.Б.Сулейменов атындағы Шығыстану институтының жетекші ғылыми қызметкері, Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университетінің профессоры, Алматы, Қазақстан

Назым Акимжанқызы Райымбекова, Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университетінің бірінші курс магистрі, Алматы, Қазақстан.

Тоқан Разия, Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университетінің екінші курс докторанты, Алматы, Қазақстан

Информация об авторах:

Қастер Сарқытқан, к.ғ.н., ведущий научный сотрудник института востоковедения им. Р. Б. Сулейменова, профессор Казахский национальный педагогический университет имени Абая, Алматы, Казахстан

Назым Акимжановна Райымбекова, Магистр первого курса Казахского национального педагогического университета имени Абая, Алматы, Казахстан.

Токан Разия, докторант второго курса Казахского национального педагогического университета имени Абая, Алматы, Казахстан

Information about the authors:

Sarkytkan Kaster, candidate of Geographical Sciences, Leading Researcher at the R. B. Suleimenov Institute of Oriental Studies, professor of Kazakh National Pedagogical University named after Abay, Almaty, Kazakhstan

Nazym Akimzhankyzy Raiymbekova, first year master's student Kazakh National Pedagogical University Abay, Almaty, Kazakhstan.

Tokhan Razia, second year PhD of the Kazakh National Pedagogical University Abai, Almaty, Kazakhstan